

# БАТЫР БЕЙНЕСІ ТАСТҰҒЫРДА



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» бағыты бойынша хәм Еліміздің Тәуелсіздігіміздің 30 жыдығы аясында, Абылай ханның қол бастаған батыры Ер Таңыбай Бекназарұлының Мойынты кентіндегі ескерткіші салтанатты түрде ашылды.

Саябақ ішінде Таңыбай батырдың балаларының есімдері жазылған 8 белгітас ұрпақтар мерейін асқактатып тұр. Саябаққа келушілерге арналып орындықтар орнатылған және талдар егілген. Саябақ алдында батырдың бес қару асынған бейнесі хәм батыр жерленген Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бедерленген баннер саябақтың салікалы сәніне айналған.

Барлық санитарлық талаптардың сақталуымен ұйымдастырылған

ковник, Ауған соғысының ардагері, батыр ұрпағы Байғали Қоқымбаев шараға қатысушыларға жүрекжарды лебіздерін арнап, жергілікті мектеп мұғалімі А.Асанбайқызының батырға жазған арнау өлеңін 11 сынып оқушысы З.Мадікан мәнерлеп оқыды.

Таңыбай батыр ескерткішін аудан әкімі М.Мұхтаров, батыр ұрпағы Б.Қоқымбаев, «Арқаның Ақ Сұңқары» қоғамдық қорының қамқоршы кеңесінің төрағасы Ж.Омарұлы салтанатты түрде ашып, қазақы кәдемен әжелер шашу шашып, Д.Мадіннің орындауында елге кең таралған «Бабалар рухы» әні шырқалды. Бұдан кейін, Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушысы Д.Қарекенованың орындауында жергілікті тұрғын Р.Сүлейменованың сөзіне жазылған, «Қарағанды Қазына» ЖШС-нің директоры Д.Сарғасқаевтың «Мойынты вальсі» әнінің тұсауы кесілді.

Айта кетейік, өткен жылдың қазан айынан бастап, осы жылдың қаңтар айына дейін «Елдікті сақтап қалған ЕР ТАҢЫБАЙ» атты әдеби



ұлы батыр әруағына құран бағыштады.

Айта кеткен жөн, Таңыбай батырға арналған игі істерді бастаған Қасқырбай Сланбеков марқұмның жолын жалғап, батыр туралы материалдарды Түркістан мавзолейінің архивіне тапсырған, 2009 жылы батырдың есімін тасқа жаздырған батыр ұрпағы Рахметолла Төлеубеков Нұр-Сұлтан қаласынан Мойынты кентіне арнайы келіп, кітаптар мен басылымдарда жарияланған Таңыбай батыр туралы көптеген шығармаларды мектеп музейіне тарту етті. Сондай-ақ, мектеп музейіне «Таңыбай батыр» қоғамдық қорының директоры, батыр ұрпағы Әмірғали Есжанов «Тұлғалар» сериясымен шыққан Таңыбай батыр туралы кітапшаны сыйға тартты. Ә.Есжановтың айтуынша, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген 229 хан-сұлтандар мен билер және батырлардың есімдері анықталған, солардың ішінен 47 тұлға туралы 47 кітапша шыққан, осы тұрғыда, Таңыбай батыр туралы кітапшаның шығуына батыр ұрпақтары барынша үлес қосқан. Аталмыш кітапша Ш.Уалиханов атындағы институттың ғылыми кеңесінде және Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің тарихи зерттеу орталығында талқыланып, жақсы баға алған, нәтижесінде, баспаға ұсынылып, жарыққа шыққан. Алдағы уақытта Таңыбай батыр туралы республикалық дәрежеде ғылыми конференция өткізу жоспарланауда.

Ш.МҰҚАЕВ,  
Мойынты кенті.



ашылу шарасына аудан әкімдігі өкілдері, осы шараға арнайы келген қонақтар мен кент тұрғындары, батыр ұрпақтары қатысты.

Салтанатты шараны аудан әкімі Мұхит Мұхтаров құттықтау сөзімен ашып, Таңыбай батыр ескерткішін салынуына демеушілік еткен барлық ұрпақтарына және «Арқаның Ақ Сұңқары» қоғамдық қоры басшылығына аудан жұрты атынан алғыс айтты. Аудан басшысы өз сөзінде, күллі Алаш баласы үшін Таңыбай батыр ерек тұлға екенін айттып, батыр әруағы баршамызды жебесін деген ақжарма тілегін арнады. Сондай-ақ, мойынтылықтарды аудандық мәслихат хатшысы Бәкен Төлеуқұлов құттықтады. Айтулы шарада, жүргізушілер Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Рысқали Әбдікеровтің Мойынты кенті тұрғындарына арнаған Құттықтау хатын оқып берді.

«Арқаның Ақ Сұңқары» қоғамдық қорының президенті Талғат Өсербаев және отставкадағы пол-

хәм тарихи-танымдық байқау ұйымдастырылған болатын. Байқау нәтижесінің жеңіпаздарын және ынтылаңдыру сыйлығын еншілегендерді, шара барысында «Арқаның Ақ Сұңқары» қоғамдық қорының құрылтайшысы, батыр ұрпағы Амандық Серіков арнайы дипломдармен марапаттап, ақшалай сыйлықтар табыстады. Бірінші орын алған Мойынты кентінің тұрғыны Роза Сүлейменова 200 мың тенге, екінші орын алған Қарағанды қаласының тұрғыны Жұмағұл Шөженов 150 мың тенге, үшінші орын алған Приозерск қаласының тұрғыны Әбдухас Сәбитов 100 мың тенге сыйақы алды. Сонымен қатар, Мойынты кентінің тұрғыны Алмаз Қайратұлы, Ақадыр кентінің тұрғындары Айғаным Амангелдіқызы және Ардақ Қасымтегі, Балқаш қаласының тұрғыны Ержан Жұмажанов, Павлодар қаласының тұрғыны Ақмарал Сағынбекова ынтылаңдыру сыйлықтарын иеленіп, әрқайсына 30 мың тенгеден ақшалай сыйлықтар берілді. Шара соңында жергілікті имам Орман Мәдімұса-